2022-2023 оқу жылының жоспарына сәйкес химия пәнінің бірінші санатты оқытушысы Ж.Туйгинбаева жас мамандармен кезекті өткізілген **«Мұғалімнің сабаққа дайындығы»** атты коучинг-тренинг өткізді.



2.8 Алқалық басқару органдарының (педагогикалық, әдістемелік, қамқоршылық кеңесі) жұмысы туралы мәліметтер

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығының 7-қосымшасы бойынша Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру

	«М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Нұсқа: 1
	Өзін-өзі бағалау бойынша ЕСЕП	151 беттің 44-беті

ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі мен педагогикалық және әдістемелік кеңестің оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес педагогикалық кеңесінің жұмысы атқарылады. Сонымен қатар, Педагогикалық және әдістемелік кеңестердің хаттамалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы №703 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйесін пайдалану қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

Педагогикалық кеңестің отырыстарын өткізу кезеңділігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 24 қазандағы №506 бұйрығымен бекітілген. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесінің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілуде.

Әдістемелік кеңестің отырыстарын түзетілген жоспарға сәйкес, өткізу кезеңділігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 21 желтоқсандағы №644 бұйрығымен бекітілген Әдістемелік кеңес қызметі және оны сайлау тәртібінің үлгі ережесінде жүргізіледі.

Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметі және оны сайлау тәртібінің үлгі ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 644 Бұйрығы негізінде колледжде оқу әдістемелік кешен жұмысын жүргізеді.

Колледждің әдістемелік тақырыбы: «Кәсіптік білім беруде құзыретті маман даярлаудағы оқытушылардың әдістемелік жұмысының жаңаруы жағдайында оқу орнының білім берудегі инновациялық қызметі»

Әдістемелік қызмет мақсаты:

Білім алушылардың тұрақты дамуына, педагогтардың шығармашылық қызметіне жағдай жасау, болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру процессіне қатысу және әдістемелік қамтамасыздандыру.

Міндеттер:

- ✓ Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпы кәсіптік және техникалық білімге міндетті білімберу стандарты негізінде жұмыстар жүргізу;
- ✓ Өзінің пәні бойынша оқыту және әдістемелік жұмыстарын жоғары деңгейде жүргізу, оқу бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз ету;
- ✓ Оқытушылардың кәсіби іскерлігі мен шеберлігін арттыру жұмыстарын, психологиялық-педагогикалық білімдерін тереңдету іс-шараларын және жолдарын қарастыру;
- ✓ Барлық оқытушылар «Оқыта отырып, тәрбиелеу» қағидасы бойынша жұмыс істеу;
- ✓ Оқыту әдісі шеберлігі мен кәсіптік біліктілікті жүйелі түрде арттыру. Өз пәнін жетік білу, белсенділік көрсету, педагогикалық және өндірістік мәселелерді шешуге қатысу;
- ✓ Кабинеттерді қазіргі таңдағы жаңа көрнекіліктермен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету.
- ✓ Педагогтардың шығармашылық дамуларын ынталандыру, педагогикалық шеберлік байқаулары мен семинарлар, педагогикалық оқулар, конференциялар ұйымдастыру арқылы жағдай жасау;

Жұмыстың негізгі бағыттары:

- білім үрдісіндегі оқу-әдістемелік кешендерін жасау мен жаңартуда оқытушыларға көмек көрсету;
- Жаңа технологиялар мен алдыңғы қатарлы әдістемелерді, озат педагогикалық іс-тәжірибетаратуды оқып, танысып, жүйелеу;
- Педагогтардың әдістемелік жұмыстарын жоспарлау және сараптау, әдістемелік жұмыстардың орындалуын қадағалау;

	«М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Нұсқа: 1
	Өзін-өзі бағалау бойынша ЕСЕП	151 беттің 45-беті

- Колледж оқытушыларының әдістемелік жұмысының базасын жүргізу және ұйымдастыру;
- Тәжірибелік-эксперименттік, инновациялық жұмыстардың түзету қызметін өткізу және дайындау.

Оқу-тәрбие процесінде жүйелі түрде заманауи инновациялық оқыту технологияларын қолданады, өйткені жаңа технологияларды пайдалану өз пәнін оқытуда оқытушы үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Колледж оқытушыларының негізгі міндеті: заман талабына сай жоғары білікті мамандарды дайындау, студенттердің танымдық қызығушылықтары мен қабілеттерін дамыту. Теориялық пәндер оқу пәнінде оқытушының құзіреттілік және кәсіби деңгейі өте жоғары. Сонымен қатар, оқу процесінде зерттеу және проблемалық оқыту, дамыта оқыту, деңгейлеп-саралап оқыту, сын тұрғысынан ойлау технологияларын тиімді пайдаланады. Оқытушылардың қолданыстағы оқыту әдістері мен құралдары әр түрлілігімен ерекшеленеді. IT-технологияны, интерактивтік құралдарды қолданады.

- 1 Сын тұрғысынан ойлау технологиясы
- 2 Дамыта оқыту технологиясы
- 3 Модульдік оқыту технологиясы
- 4 Кредиттік оқыту технологиясы
- 5 Ақпараттық-коммуникациялық технология
- 6 Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы
- 7 Ойын арқылы оқыту технологиясы
- 8 Кесте және сызба арқылы тарихты оқыту
- 9 Проблемалық оқыту технологиясы
- 10 Ұжымдық оқыту технологиясы

Колледж оқытушылары оқу процесінде жыл сайын жылдық жоспар бойынша бірлестіктер апталығын өткізеді. Барлық оқытушылар ашық сабақ, бейне сабақ, сайыс сабақ, семинар, конференция, пікір сайыс сабақтарын өтеді. **(2.8.1- қосымша)**

2020-2021 оқу жылында «Темір жол көлігіндегі тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығының арнайы пән оқытушысы **М.Баратованың** *«Диспетчерлік орталықпен жабдықталған телімдерді пойыз қозғалысына басшылық жасау»* тақырыбында онлайн ашық сабағы өтілді. Сабақты түсіндіру барысында Жалпы сабақта модульдік оқыту технологияны және АКТ-ны ұтымды қолдана білді. Қорыта келе сабақ жақсы деңгейді өтілді. <https://youtu.be/xeucml7vay8> осы сілтеме арқылы сабағы желіге жүктелді.

«Темір жол көлігіндегі тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығының арнайы пән оқытушысы **А.Раманның** *«Жолдың жоғары құрылысының құрылым элементтері мен тағайындалуы»* тақырыбында онлайн сабағы өтілді. Презентация арқылы сабақ жоспары құрылды. Жолдың жоғары құрылысы мен элементтері және де тағайындалуы бойынша білім алушыларға түсінікті, нақты толық мағлұмат берді. Жалпы қорытындылай келе оқытушы сабақта мақсатына жетті. Сабақ <https://youtu.be/lM-3uyqh7tA> осы сілтеме арқылы ютуб каналына жүктелді.

«Темір жол көлігіндегі тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығының арнайы пән оқытушысы **Л.Бердаулетованың** *«Шынжыр табанды және дөңгелекті бір шөмішті тиеуіштер, олардың ұстанымды құрылымы және қолданылуы»* тақырыбында онлайн бейне сабағы өтілді. Бұл сабақта АКТ, сын тұрғысынан ойлау технологиялары және ой шақыру, сұрақ-жауап әдісі, білім қоржыны, интерактивті әдістерді қолданып, жаңа тақырып қызықты, тартысты өтілді. Жалпы оқытушы білімді, білікті, кәсіби маман ретінде, білім алушыларға білімді нақты жеткізе алу қасиеті бар маман ретінде көрінді.. Оқытушы

	«М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Нұсқа: 1
	Өзін-өзі бағалау бойынша ЕСЕП	151 беттің 46-беті

сабақта мақсатына жетті. Сабақ <https://youtu.be/FghoMOMYmpw> осы сілтеме арқылы желіге жүктелді.

Химия пәнінің оқытушысы **С.Исаның** «Әлем нақты ғылымдар тілінде» тақырыбы бойынша химиялық онлайн сайыс сабағы өтілді. Сайыстың жоспарында ағылшын тілімен байланыстырып, химиялық сұрақтар, ой қозғау тапсырмалары ерекше қызығушылықпен білім алушылар арасында қызу талқыға түсті. С.Иса сабақта сын тұрғысынан ойлау технологиясын, ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолданды. Оқытушы өзін еркінсезінді, білім алушылармен қарым-қатынасы өте жақсы, педагогикалық технологияларды жақсы меңгерген. Жалпы сайыс өте тартысты өтті. Әріптестер және білім алушылар арасында жоғары деңгейде бағаланды. <https://youtu.be/4RkvV8mf2lA> осы сілтеме арқылы сабағы желіге жүктелді.

«Темір жолдың жылжымалы тартқыш құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» мамандығы бойынша арнайы пәндер оқытушысы **Р.Батырбектің** «Жылжымалы құрамның доңғалақ жұбының құрылысы» тақырыбында бейне сабағы өтілді. Жылжымалы құрамның доңғалақ жұптарына жеке-жеке тоқталып, толық ақпарат берілді. Оқытушы жаңа тақырыпты слайд арқылы терең түсіндіріп, білім алушыларға видеороликтерде көрсетілді. Сабақтың тақырыбын толық ашып, мақсатына жетті. <https://youtu.be/QhDxkCW5FjA> осы сілтеме арқылы желіге жүктелді.

Физика пәнінің оқытушысы **Э.Каликованың** «Сұйықтар мен газдардың механикасы» тақырыбында бейне сабақ өтілді. Сабақта АКТ, модульдік оқыту технологиясы әдістерін қолданды. Презентация арқылы жаңа тақырыпты өте жақсы түсіндірді және білім алушыларға білімін жеткізу деңгейі өте жақсы. Сабақ өту стилі, техникасы, қолданған технологиялар элементтері, әдіс-тәсілдері оқушылардың қызығушылығын оята білді. Слайд арқылы кезең - кезең тапсырмалар беріп, сабақ өте жақсы деңгейде өтілді. Осы сілтеме арқылы <https://youtu.be/zL3FQmNc2XY> желіге жүктелді.

Химия пәнінің оқытушысы **С.Исаның** «s-элементтері және сілтілік металдар. Олардың химиялық қосылыстары» тақырыбы бойынша бейне сабағы өтілді. Бұл сабақта АКТ, сын тұрғысынан ойлау технологиялары және миға шабуыл, сұрақ-жауап әдісі, интерактивті әдістерді қолданып, жаңа тақырып өтілді. Жалпы оқытушы білімді, білікті, кәсіби маман ретінде, білім алушыларға білімді нақты жеткізе алу қасиеті бар маман ретінде көрінді. Оқытушы сабақта мақсатына жетті. Осы сілтеме арқылы <https://youtu.be/taWaYI0DIhQ> желіге жүктелді.

«Автоматика, телемеханика және ТЖ көлігіндегі қозғалысты басқару» мамандығы бойынша арнайы пәндер оқытушысы **А.Бердимбетованың** «Сигналдар және бағдаршамдар» тақырыбы бойынша бейне сабағын өтті. Жаңа тақырыпты презентация арқылы, бейне суреттермен түсіндіріп, АКТ-ны ұтымды қолданды. Сабақ барысында бағдаршамдардың түрлері олардың түстерінің атқаратын қызметтеріне тоқталып өтті. Сондай-ақ сигнал түрлері бойынша пойыздар қозғалысының жылдамдықтарын баяндап, тақырыпты аша білді.

Қазақ тілі пәні оқытушысы **Г.Байконысованың** «Адам өмірін қорғау басты міндет. Көркем әдебиет стилі» тақырыбы бойынша бейне сабақ өтілді. Презентация арқылы жаңа тақырыпты өте жақсы түсіндірді және білім алушыларға білімін жеткізу деңгейі өте жақсы. Сабақ өту стилі, техникасы, қолданған технологиялар элементтері сабаққа деген қызығушылықтарын арттырды.

Математика пәні оқытушысы **А.Жолдасбектің** «Иррационал өрнектерді түрлендіру. Дәрежелік функция, оның қасиеттері мен графигі» тақырыбы бойынша бейне сабақ өтілді. Сабақтың мақсаты білім алушыларға иррационал теңдеулерді теңдеудің екі жағын n-ші дәрежеге шығару әдісі және иррационал теңдеулерді айнымалыны алмастыру әдісі арқылы есептер шығаруды үйрету. Оқытушы жаңа тақырыпты слайд арқылы терең түсіндіріп, білім алушыларға тапсырмаларды қалай жасау керек екенін нақты көрсетті. А.Жолдасбек Сын тұрғысынан ойлау, АКТ-ны сабақта ұтымды қолданды. Жалпы қорытынды бойынша сабақ жақсы деңгейде өтілді.

	«М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Нұсқа: 1
	Өзін-өзі бағалау бойынша ЕСЕП	151 беттің 47-беті

2021-2022 оқу жылында «Темір жолдың жылжымалы тартқыш құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» мамандығы бойынша арнайы пәндер оқытушысы **С.Абдібайдың** *«Құм жүйесі. Локомотивте құмды қолданудың қажеттілігі. Құм жүйесінің қызметі»* тақырыбы бойынша ашық сабағы өтілді. Сабақта оқытушы АКТ-ны, ұжымдық оқыту технологиясы, деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын ұтымды қолдана білді. Түсіндіру сұрақ-жауап, қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс әдістерімен тақырыпты терең ашты. Топтық жұмыс арқылы білім алушылардың пәнге деген қызығушылықтарын байқауға болады. Жалпы пән оқытушысы сабақта қойған мақсатына жете білді.

«Темір жолдың жылжымалы тартқыш құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» мамандығы бойынша арнайы пәндер оқытушысы **Б.Султановтың** *«Магнитті материалдар»* тақырыбы бойынша ашық сабағы өтілді. Сабақта сыни тұрғыдан ойлау технологиясының миға шабуыл, Блум таксономиясы, Джиксо әдістерін қолдану арқылы тақырыпты айқын аша білді. Жаңа тақырыпты презентация арқылы түсіндіріп, АКТ-ны ұтымды қолданды. Пәндік көрнекілері жеткілікті. Жалпы тақырып терең ашылды және білім алушылардың пәнге қызығушылығы, белсенділігі өте жақсы. Оқытушының дайындығы керемет болды. ТТ 13-20 тобының білім алушылары сабаққа өте белсенді қатысты, оқытушы Б.Султанов мақсатына жете білді.

Арнайы пәндер оқытушысы **Б.Атамкуловтың** *«Дөңгелек жұбы мен автотіркегіш құрылғысының құрылымы»* тақырыбы бойынша ашық сабағы өтілді. Сабақ барысында сын тұрғысынан ойлау, АКТ-ны, деңгейлеп саралап оқыту технологияларының әдіс-тәсілдерін қолдана білді. Жоспарына сәйкес дөңгелек жұптарының және автотіркегіш құрылғысының құрылымын презентация арқылы, бейне жазбалармен түсіндіріп өтті. Сабақ құрылымы дұрыс құрылған. Сабақта білім алушылар өте жақсы белсенділікпен қатысып, пәнге қызығушылығы көрінді. Сабақ мақсатына жетті.

«Темір жолдың жылжымалы тартқыш құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» мамандығы бойынша арнайы пәндер оқытушысы **Н.Бертаев** *«Тәжірибелік сабақты өту үлгісі»* тақырыбында шеберлік сыныбы өтілді. Шеберлік сынып барысында тәжірибе жетекшілеріне АКТ-ны қолданып, презентация арқылы слайдтармен үсіндіріп, тақырыпты аша білді. Сонымен қатар өзінің тәжірибе өту барысының бейне жазбасын көрсетті. Өндірістік орындарда ең бастысы қауіпсіздік ережесін сақтау отырып, теориялық алған білімдерін практика жүзінде қалай қолдану керектігіне де тоқталып өтті. Тәжірибе сабақта практика жетекшілерімен практикалық тапсырмалар орындады. Шебер сынып барысында өте белсенді, үлкен қызығушылықпен тапсырманы орындады. Жалпы Н.Бертаев білікті, кәсіби маман өз жұмысына адал және жетік меңгерген.

«Темір жол көлігіндегі тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығының арнайы пән оқытушысы **О.Жангелдиевтің** *«Доңестерде маневрлер жасау тәртібі»* тақырыбында ашық сабағы өтілді. Сабақта модульдік оқыту технологиясын, деңгейлеп оқыту, түсіндірмелі хабарлау, топқа бөлу, сыни тұрғысынан ойлау, постермен жұмыс, сұрақ-жауап әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, тақырыпты аша білді. Суреттер слайдпен, бейне материалдар, құрал-жабдықтарды пайдалана отырып, сабақты жандандырды. О.Жангелдиевтің сабақтары өте мазмұнды, сабақ өту стилі, техникасы, қолданған технологиялар элементтері, әдіс-тәсілдері студенттердің қызығушылығын оята білді. Жалпы сабақ жақсы бағамен қорытындалды.

«Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» мамандығының арнайы пәндер оқытушысы **Е.Керімбайдың** *«Электротехниканың теориялық негіздері»* қалыптастырушы пәнінен ашық сабағы өтілді. Сабақта сын тұрғысынан ойлау, деңгейлеп оқыту, модульдік оқыту технологиялары бойынша шаттық шеңбері, Аквариум әдісі, Куббизм стратегиясы білім

	«М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Нұсқа: 1
	Өзін-өзі бағалау бойынша ЕСЕП	151 беттің 48-беті

алушылардың қызығушылығын оята білді. Жалпы студенттердің белсенділігі жоғары деңгейде болды. Оқытушының білімі, талпынысы, пәнге деген қызығушылығы жоғары деңгейде. Жалпы сабақ құрылымы өте жақсы құрылған, әр кезең бір-бірімен сабақтасып жалғасты. Оқытушы сабақта мақсатына жетті.

Арнайы пәндер оқытушысы **Қ.Керимбаевтың** «Радиотехника негіздері» пәнінен өте мазмұнды ашық сабағы өтілді. Сабақ барысында студенттермен схемалар жиналып, әр бір құрылғының қызметтеріне тоқталып өтті. Сабақтың өту барысында тақырыптың ашылуы, теориялық оқу кабинетінің жағдай жасалуы, техникалық құралдардың, көрнекі құралдардың бар болуы, білім алушылардың қабілеті және даму деңгейі, оқытушының жеке даралығы, дайындық деңгейіне жоғары баға берілді. Оқытушының белсенді оқыту әдістерін меңгеруі, осы әдістерді сабақ барысында қолдануы мақсатқа лайықтылығы, оқытушының білім алушыларды білім сапасына қарап бағалау жүйесі оның педагогикалық құндылығы жоғары деңгейде екенін көрсете білді.

«Автоматика, телемеханика және ТЖ еөлігіндегі қозғалысты басқару» мамандығы бойынша арнайы пәндер оқытушысы К.Керимбаевтың 2-курс студенттері арасында «Әмбебап теміржолшы» цифрлық сайыс сабағы өтілді. Колледждің акт залында өтілген сайыста презентация, бейне жазба, АКТ-ны пайдаланып, керемет қызу тартысты сайыс өтілді. Жалпы сайысқа колледж әкімшілігі, әріптестер оң бағамен бағалап қорытындалды.

2022-2023 оқу жылында Қазақ тілі пәні оқытушысы **Э.Байболованың** «Тілім барда айтылар сыр ойдағы» мәнерлеп өлең оқу сайысы өтілді. Сайыстың мақсаты студенттерге мемлекеттік тілдің өркендеп, оянуына, мемлекеттік тілімізді сүйуге, мемлекеттік тілді аяққа баспай, мәртебесін биік ұстау жөнінде, тіл ерекшелігі болатынын түсіндіру. Сайыс сабақ тартысқа толы өтті. 1-курс студенттері ақын-жазушылардың өлең жолдарын мәнерлеп жатқа айта білді. Білім алушылардың белсенділігі, қызығушылығы өте жоғары деңгейде өтілді.

Орыс тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы **К.Кожанованың** «Мир живой природы. Собственные имена существительные» тақырыбы бойынша ашық сабағы өтілді. Оқытушының тәжірибесі мол, білім алушылармен қарым қатынасы өте жақсы. Сабақ барысында оқытуды ұйымдастыруға, толеранттылыққа тәрбиелеуге, өз көзқарастары үшін жауап беруге, бір-бірін тыңдауға мүмкіндік беретін жұптармен жүзеге асырылды. Оқытушы тақырыпты білім алушыларға түсінікті болу үшін презентация жасап, жан-жақты ізденіп арасында тақырыпқа сәйкес видеоларды қолданды. Оқытушының білімі жоғары, жалпы мамандыққа ерекше қызығушылығы жоғары дейгейде болды. Жалпы сабақ өте жақсы деңгейде өтілді.

Шет тілі пәні оқытушысы жас маман **А.Амангелдінің** «Сен білесің бе?» тақырыбында сайыс сабағын өткізді. Сайыстың мақсаты әр түрлі тапсырмалар арқылы білім алушылардың алған білімдерін бекіту, ағылшын, орыс тілдері әлемдік тілдер қатарына жататындықтан тіл үйренушілерге олардың маңыздығын сезіндіру болды. Сайыс алты кезеңнен тұрды. Сайыс барысында сыни тұрғысынан ойлау, дамыту оқыту технологиясы, ынтымақтастық, АКТ-ны ұтымды қолдана білді. Жалпы сайыс өте тартысты өтті. Әріптестер және білім алушылар арасында жоғары деңгейде бағаланды.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні оқытушысы **А.Бердияровтың** «Мен өз елімнің Патриотымын» тақырыбы бойынша эстафеталық жарысы өтілді. «Патриотизм – Отанға, елге деген махаббат!», «Адам болу – қасиет, азамат болу – міндет, патриот болу – парыз», - деген Бауыржан Момышұлының қанатты сөздерін болашақ азаматтарға насихаттау мақсатында колледж студенттеріне арналған эстафеталық жарыс саптық алаңында өтілді. 1-курс топтарының арасында тартысты сайыс өтілді. Сайыстың жоспарында біркелкі әскери киім, қол гранатасын танкіге қарсы лақтыру, газтұтқыш құрылғысын уақытқа кию, 16 кг гир тасын көтеру секілді

	«М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Нұсқа: 1
	Өзін-өзі бағалау бойынша ЕСЕП	151 беттің 49-беті

тапсырмалары ерекше қызығушылықпен білім алушылар арасында қызу сайыс өтілді. Жалпы сайыс өте жоғары деңгейде өтілді.

Химия пәні оқытушысы **Ж.Туйгинбаеваның** «Азот және аммиактың молекулалық құрамы мен құрылысы» тақырыбы бойынша ашық сабағы өтілді. Оқытушы сабақта сын тұрғысынан ойлау технологиясының элементтерін, ақпараттық-коммуникациялық технологияны және миға шабуыл, жеңіл-ауыр сұрақтар, тірек-сызба белгілері, сұрақ-жауап, түсіндіру әдістерін қолданды. Үй жұмысында «Балық аулау» ойыны, сергіту сәтінде «Қыдырып қайтайық» бейне баянды қолданып бағаланды. Презентация, слайд арқылы тақырып нақты, айқын ашты. Ж.Туйгинбаева жалпы технологияларды сабақта өте жақсы қолдана білді. Әріптестердің пікірі бойынша өте жоғары деңгейде сабағы қорытындалды. Жалпы оқытушы сабақтың мақсатына жетті.

Физика пәні оқытушысы **А.Сарсенбаеваның** «Жұмыс пен жылу мөлшерінің баламалылығы. Румфорд және Джоуль тәжірибелері» тақырыбы бойынша ашық сабағы өтілді. Сабақтың мақсаты физика пәнін өмірмен байланыстыра отырып, студенттерге толық ақпарат беру, үйрету. А.Сарсенбаеваның сабақта сын тұрғысынан ойлау технологиясы мен ақпараттық технологияны қолданды. Оқытушы сабақ барысында өзін еркін сезінді, білім алушылармен өте жақсы қарым-қатынаста, педагогикалық технологияларды жақсы меңгергендігін көрсете алды. Презентация арқылы өткен тақырыптарға тоқталып, сұрақ-жауаптар алынды. Білім алушылармен есептер шешу дағдысын дамыта отырып, түрлі тақырыптар бойынша есептер шығарылды. Жалпы А.Сарсенбаеваның сабағы жақсы деңгейде өтті.

Математика пәні оқытушысы **А.Изтилеуованың** «Комбинаторика элементтері және оларды оқиғалардың ықтималдықтарын табуда қолданылуы» тақырыбы бойынша ашық сабағы өтілді. Сабақтың жоспарына сәйкес комбинаторика формулаларын қолданып, ықтималдық есептерін табу және ықтималдықтар қасиеттерін қолданып, кездейсоқ оқиғалардың ықтималдығын есептеуді үйрету. Сабақтың айрықша ерекшелігі оқытудағы жаңа тәсілдерді қолдану арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту стратегиясы арқылы негізгі мақсаттарды жүзеге асыру болып табылды. Үй жұмысында «Сиқырлы қорапша» ойыны, сергіту сәтінде «Қыдырып қайтайық» бейне баянды қолданып бағаланды. А.Изтилеуова өте тәжірибелі маман және білім алушылармен тез тіл табысып, алдына қойған жоспарларды нәтижелі орындай алады. Презентация арқылы есептер шығарып, тақырыпты айқын аша білді. Білім алушылардың қатысу деңгейі өте жоғары болды. Жалпы қорытындылай келе оқытушы сабақта мақсатына жетті.

Химия пәні оқытушысы жас маман **А.Төребектің** «Химиялық биатлон» сайыс сабағы өтілді. Сайыстың мақсаты студенттердің химиядан алған білімдерін тәжірибе арқылы қорытындылау. Сайыс сабағы акт залда оқытушылар мен студенттердің қатысуымен өтілді. Сайыс барысында студенттерге жаңа технологиялардың әдіс-тәсілдері қолданылып, тапсырмалар берілді. Білім алушылар арасында сиқырлы карусель, мықты болсаң тауып көр, жүйрік болсаң шауып көр, дартс тапсырмалары ерекше қызығушылықпен қызу талқыға түсті. Сайыс соңында А.Төребек химиялық реакциялар арқылы бірнеше тәжірибе түрлерінде көрсетіп өтті. Жалпы сайыс өте тартысты өтті. Әріптестер мен білім алушылар арасында жақсы деңгейде бағаланды.

SHTK M.TYNYSHBAEV	«М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Өзін-өзі бағалау бойынша ЕСЕП	Нұсқа: 1
		151 беттің 50-беті



	«М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Нұсқа: 1
	Өзін-өзі бағалау бойынша ЕСЕП	151 беттің 51-беті

Кәсіби маман даярлауда **меморандум**, әлеуметтік серіктестік, білім беру ұйымдары және білім беру мекемелерімен өзара әрекеттесуді кеңейту, жұмыс берушілердің және басқа да әлеуметтік серіктестіктердің қатысуы мамандарды даярлау сапасын арттыруға мүмкіндік туғызып, кәсіптік білім беру мәселелерін шешуде маңызды рөлге ие. Аталған тәжірибені ынтымақтастық технологияларын жетілдіру жоспарында бәсекелестікке қабілетті ортада қолданған орынды.

Білім беру бағдарламасы сапасын жақсарту жүйелі түрде жүргізіледі.

Кәсіби маман даярлауда әлеуметтік серіктестік, білім беру ұйымдары және білім беру мекемелерімен өзара әрекеттесуді кеңейту, жұмыс берушілердің және басқа да әлеуметтік серіктестіктердің қатысуы мамандарды даярлау сапасын арттыруға мүмкіндік туғызып, кәсіптік білім беру мәселелерін шешуде маңызды рөлге ие. Аталған тәжірибені ынтымақтастық технологияларын жетілдіру жоспарында бәсекелестікке қабілетті ортада қолданған орынды. Білім беру бағдарламасы сапасын жақсарту жүйелі түрде жүргізіледі.

«Техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында индустриялық кеңестің қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігінің 2020 жылғы 31 желтоқсанындағы №566 бұйрығын негізінде М.Тынышпаев атындағы «Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» ЖШС-ның педагогикалық кеңестің 31.08.2021 жылғы №1 хаттамасында қаралып, 02.09.2021 жылғы №1 хаттамасы негізінде Индустриялық кеңес құрылды. Индустриялық кеңестің төрағасы, Кеңестің орынбасары, мүшелері және кеңес хатшысы төмендегі бұйрықпен бекітілді.
(2.8.2 - қосымша)

2022-2023 оқу жылындағы индустриалдық кеңестің құрамы

№	Мамандығы :	Аты -жөні	Әлеуметтік серіктестер	Қызметі
1	07130600 «Темір жолдың электротехникалық жүйелерін электрмен жабдықтау, пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету»	Бахиев Даурен Даниярович	ПЧ-53 Шымкент жол жөндеу дистанциясы	Директоры
		Байзахов Ғалым Сансызбаевич	ВЧД-30 Арыс вагон пайдалану депосы	Бас инженер
		Керимбаев Қанатбек Тастанбекович	М.Тынышпаев атындағы «Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» ЖШС	Арнайы пән оқытушысы
2	07160500 «Темір жолдың жылжымалы тартқыш құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету»	Бахиев Даурен Даниярович	ПЧ-53 Шымкент жол жөндеу дистанциясы	Директоры
		Байзахов Ғалым Сансызбаевич	ВЧД-30 Арыс вагон пайдалану депосы	Бас инженер
		Тлеуов Айсултан Демекбаевич	ТД-16 Шымкент айналым локомотив депосы	Директоры
		Кубеев Нұрлан Сериқұлы	М.Тынышпаев атындағы «Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының	Арнайы пән оқытушысы

	«М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Нұсқа: 1
	Өзін-өзі бағалау бойынша ЕСЕП	151 беттің 52-беті

			Шымкент көлік колледжі» ЖШС	
3	10410200 «Темір жолкөлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару»	Бахиев Даурен Даниярович	ПЧ-53 Шымкент жол жөндеу дистанциясы	Директоры
		Байзахов Ғалым Сансызбаевич	ВЧД-30 Арыс вагон пайдалану депосы	Бас инженер
		Қалшабеков Арман Арыстанович	«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Шымкент бөлімшесі-ГП» Қазықұрт стансасы	Бас инженер
		Наурзалиев Жалмағамбет Абдулаевич	М.Тынышпаев атындағы «Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» ЖШС	Арнайы пән оқытушысы
4	07140700 «Автоматика, телемеханика және темір жол көлігіндегі қозғалысты басқару»	Бахиев Даурен Даниярович	ПЧ-53 Шымкент жол жөндеу дистанциясы	Директоры
		Байзахов Ғалым Сансызбаевич	ВЧД-30 Арыс вагон пайдалану депосы	Бас инженер
		Сәрсенбаев Ерман	ПЧ-37 Шымкент белгі беру және байланыс дистанциясы	Бас инженер
		Ахметов Темірхан Саметаевич	М.Тынышпаев атындағы «Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» ЖШС	Арнайы пән оқытушысы
5	07140900 «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар»	Бахиев Даурен Даниярович	ПЧ-53 Шымкент жол жөндеу дистанциясы	Директоры
		Байзахов Ғалым Сансызбаевич	ВЧД-30 Арыс вагон пайдалану депосы	Бас инженер
		Мырзахметов Мейірбек Адилбекович	«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Шымкент бөлімшесі-ГП» Арыс стансасы	Бас инженер
		Керимбаев Қанатбек Тастанбекович	М.Тынышпаев атындағы «Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» ЖШС	Арнайы пән оқытушысы
6	07320800 «Темір жол құрылысы, жол және	Бахиев Даурен Даниярович	ПЧ-53 Шымкент жол жөндеу дистанциясы	Директоры

	«М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Нұсқа: 1
	Өзін-өзі бағалау бойынша ЕСЕП	151 беттің 53-беті

	жол шаруашылығы»			
		Байзахов Ғалым Сансызбаевич	ВЧД-30 Арыс вагон пайдалану депосы	Бас инженер
		Амиргалиев Сакен Жумағалиевич	«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Шымкент бөлімшесі-ГП» Сарыағаш стансасы	Бас инженер
		Жаманкулов Нурлан Толкыбекович	М.Тынышпаев атындағы «Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» ЖШС	Арнайы пән оқытушысы
7	07160600 «Темір жолдың вагондар мен рефрижераторлы жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету»	Бахиев Даурен Даниярович	ПЧ-53 Шымкент жол жөндеу дистанциясы	Директоры
		Байзахов Ғалым Сансызбаевич	ВЧД-30 Арыс вагон пайдалану депосы	Бас инженер
		Жангелдиев Орынбасар Абдумомынұлы	М.Тынышпаев атындағы «Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» ЖШС	Арнайы пән оқытушысы

2022-2023 оқу жылында Индустриялық кеңестің жылдық жоспары бекітіліп, жұмыс атқарылуда.

Міндеттері мен мақсаттары:

- білім беру бағдарламаларының өзектілігін қамтамасыз ету үшін олардың мазмұнын қарау;
- тәжірибелік сабақтарды ұйымдастыруға және түлектерді жұмысқа орналастыруға олардың қатысуын кеңейту үшін Сала кәсіпорындарымен байланысқа жәрдемдесу ;
- түлектерді жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ететін дағдыларды талап ететін саланың ағымдағы үрдістері, технологиялық өзгерістер туралы ақпарат беру;
- жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу мүмкіндіктеріне қатысты кеңес беру;
- колледждің оқу процесіне кәсіпорындарды тарту бойынша ұсыныстар қалыптастыру;
- студенттерге арналған шәкіртақылар мен сыйақыларды тағайындауда жәрдемдесу;
- колледжге сала кәсіпорындарымен серіктестік қарым-қатынастарды дамытуға жәрдемдесу.

Колледждегі қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда № "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2018 жылдың 02 сәуіріндегі № 123 бұйрығы сәйкес колледжде қамқоршылық кеңесінің жұмысы ұйымдастырылды. Қамқоршылық кеңестің құрылатындығы және оның құрамы бойынша ұсыныстардың қабылданатындығы туралы хабарландыру колледждің әлеуметтік парақшаларында орналастырылды. Ұсыныстарды қабылдау

	«М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Нұсқа: 1
	Өзін-өзі бағалау бойынша ЕСЕП	151 беттің 54-беті

хабарландыру жарияланған күнінен кейін он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылды. Қамқоршылық кеңестің құрамы Қамқоршылық кеңеске мүше болуға үміткерлердің жазбаша келісімімен алынған ұсыныстардың негізінде қалыптастырылды және ұсыныстарды қабылдау аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде бекітілді. **(2.8.3 - қосымша)**

Қамқоршылық кеңестің құрамына жергілікті өкілдік, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері, жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері, ата-аналар комитеті ұсынған әрбір курстан колледждегі білім алушылардың бір ата-анасы немесе заңды өкілі, қайырымдылық жасаушылар тарапынан құрылатын болғандықтан қабылданған ұсыныстардың ішінен төмендегі құрамда қамқоршылық кеңес құрамы 9 үміткердің өтініштері негізінде құрылды:

№	«Қамқоршылық кеңес» мүшелерінің аты-жөні	Қызметі	Жұмыс орны	Байланыс телефоны
1	Сыдықов К.М	Жеке кәсіпкер	жеке кәсіпкер «Әсел»	8-702-171-39-74
2	Тұяқбаев Б.И	Еңбекші аудандық саяси кеңес мүшесі	Шымкент қалалық партия	8-705-556-72-88
3	Нуртаев Н.Н	Зейнеткер	Шымкент бөлімшесі теміржолшы ардагерлер төрағасы	8-778-902-65-95
4	Кошимов Т.Е	Директоры	Мүшесі: ЖШС «Oilers»	8-747-261-80-67
5	Бейсенбай Б.М.	Бас маманы	Созақ аудандық прокуратурасы	8-777-917-28-21
6	Садықов Б.Қ.	Тәрбие және әлеуметтік істер жөніндегі проректоры	Академик А.Куатбеков атындағы Халықтар достығы университеті.	8-701-693-69-69
7	Салимбаев Т.М.	«Шымкент жүк тасымалдау бөлімшесі» машинист нұсқаушысы.	ҚТЖ» ҰК АҚ «ГП»	8-702-701-01-35
8	Әбдіхалықова Г.Б.	Үй бейкесі	ата-ана	8-702-333-86-84
9	Толысбаева.А	Педагог-психолог	Хатшы	8-702-897-00-12

	«М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Нұсқа: 1
	Өзін-өзі бағалау бойынша ЕСЕП	151 беттің 55-беті

Колледждің тамыз айы педагогикалық кеңесінде үміткерлердің ұсыныстары қаралып, бекітілді. Қыркүйек айында Қамқоршылық кеңестің бірінші отырысында ашық дауыс беру жолымен дауыстар басымдылығымен Қамқоршылық кеңестің төрағасы болып Сыдықов К.М сайланды. Білім беру ұйымының жанынан құрылған Қамқоршылық кеңес хатшысы қызметіне колледж психологы А.Толысбай сайланды. Сонымен қатар бірінші отырысқа колледж, жастар ісі жөніндегі төрайым қатысып колледж тынысымен таныстырып өтті.

Колледж директорының колледждің қызметі туралы, оның ішінде сапалы білім беру қызметтерін ұсыну туралы, колледждің даму бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыс нәтижелерімен таныстырылды. Жаңартылған білім бағдарламасы аясында оқытудың мазмұны мен сапасын зерделеуді жоспарға енгізіп, оқу жылы барысында дәрістерге талдау жасап, ұсынымдар берілді. Колледж білім алушыларының атаулы әлеуметтік көмекке 86 студенттен құжаттар қабылданды. Қамқоршылық кеңес мүшелері құжаттарды зерделеп, 70 студентті әлеуметтік көмек алуға ұсынды./тізімі тіркеледі/. Онда көпбалалы отбасы, тұлжетім, жартылайжетім, мүгедек студенттер статусына қарай бөлінетін, осы статусқа енетін студенттер жөнінде мәліметпен таныстырылды.

Колледж құрылтайшысы және колледж директорымен кеңесе отырып «Қамқоршылық кеңес» төрайымы колледж бюджетін жоспарлауға қатысты. Әр білім алушының әлеуметтік статусын зерделей келе қолайлы жағдай жасау мақсатында әртүрлі әлеуметтік категориядағы отбасы балаларымен жұмыс жасап, қашықтықтан оқыту форматында әлеуметтік көмек ұйымдастырылды.

Денсаулығы бойынша тіркеуде тұратын студенттермен жұмыс жүргізілді. Дәрі – дәрмектері әперілді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі және облыстық адами әлеуетті дамыту басқармасымен «Жүрек жылуы», «Қамқоршылық ізгі іс» <https://www.instagram.com/p/CYGzMT-MUQD/> акциясын басшылыққа ала отырып, мекеме басшыларымен, кәсіпкерлермен бірігіп қамқорлық акциясы ұйымдастырылды.

Білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында салауатты өмір салтын насихаттау бойынша қамқорлыққа мұқтаж студенттерді демалу және қосымша еңбек етумен қамтамасыз етуде. «Жастар ресурстық орталығы» КММ мен байланысып әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы отбасынан келген оқу үлгерімі жақсы студенттерін өлкетану саяхаттарына жіберіп, сауықтыру жұмыстары ұйымдастырылды. Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының қызметкерлерімен, құқық қорғау органдарымен, тиологтармен кездесіп, білім алушылардың салауатты өмір салтын және құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында кездесулер ұйымдастыруға көмек берді, өзіміз тарапынан ақыл-кеңестер айттылды. Колледждің әлеуметтік парақшаларына /facebook, Inatagram/жүктеліп отырылды. Білім алушылардың құқықтарының сақталуына, сонымен қатар білім беру мекемесінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалыуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырды. Бұл саладан ешқандай олқылық байқалмады.

	«М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Нұсқа: 1
	Өзін-өзі бағалау бойынша ЕСЕП	151 беттің 56-беті

3. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КОНТИНГЕНТІ

Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:

3.1 Еркеше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер.

«М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» мекемесінде білім алушылардың арасында психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар қорытындысының және дәрігерлік-консультациялық комиссиялардың анықтамаларының, психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескерелітін ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар жоқ болғандықтан, жеке оқу жоспары және арнайы оқу бағдарламасы іске асырылмайды.

3.2 Оқудың толық кезеңін қамтитын дайындалып жатқан мамандықтың біліктілігіне сәйкес практика базалары ретінде анықталған келісім-шарттардың болуы туралы мәліметтер.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығымен бекітілген кәсіби практиканы ұйымдастыру оқу процесінің графигімен сәйкестендірілген және келесі практика түрлерін қамтиды:

- Оқу практика (О)
- Өндірістік оқу (Ө)
- Технологиялық практика (ТП)
- Кәсіптік практика (КП)
- Дипломалды практика (Д)
- Дипломдық жоба (ДЖ)

2020-2023 оқу жылдарында студенттердің оқу-өндірістік практикадан және кәсіби практикадан өту мақсатында кәсіпорындармен келісім шарт түзілген. **(3.2.1 - қосымша)**

1108000 «Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету (түрлері бойынша)», 07160500 «Темір жолдың жылжымалы тартқыш құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» мамандығы бойынша:

1. «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС «ГП-Шымкент бөлімшесі».
2. ТЧЭ-32 Арыс локомотив пайдалану депосы.
3. «Шымкент Локомотив Сервис» ЖШС.
4. «Astana Railway Services» ЖШС.
5. «S.G.M. Group» ЖШС.
6. «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС «ГП-Шымкент бөлімшесі».
7. «SAS-Tobe Technologies» ЖШС.

SHTK M.TYNYSHBAEV	«М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Нұсқа: 1
	Өзін-өзі бағалау бойынша ЕСЕП	151 беттің 57-беті



**1203000 «Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару»,
10410200 «Темір жолкөлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару»
мамандығы бойынша**

1. «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС «ГП-Шымкент бөлімшесі».
2. «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС «ГП-Шымкент бөлімшесі» Арыс стансасы.



**0904000 «Темір жолдардың электр техникалық жүйелерін электрмен жабдықтау,
пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу», 07130600 «Темір жолдың**

SHTK M.TYNYSHBAEV	«М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Өзін-өзі бағалау бойынша ЕСЕП	Нұсқа: 1
		151 беттің 58-беті

электротехникалық жүйелерін электрмен жабдықтау, пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» мамандығы бойынша

1. «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Шымкент магистралды желі бөлімшесі»



**1303000 «Темір жол көлігіндегі автоматика, телемеханика және қозғалысты басқару»,
07140700 «Автоматика, телемеханика және темір жол көлігіндегі қозғалысты басқару»
мамандығы бойынша**

1. «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Шымкент магистралды желі бөлімшесі»

SHTK M.TYNYSHBAEV	«М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Нұсқа: 1
	Өзін-өзі бағалау бойынша ЕСЕП	151 беттің 59-беті

SHTK
M. TYNYSHBAEV

1303000/07140700 “Автоматика, телемеханика және темір жол көлігіндегі қозғалысты басқару” мамандығы бойынша
КӘСІПТІК ІС-ТӘЖІРІБЕ БАЗАСЫНДА



1306000 «Радиоэлектроника және байланыс (түрлері бойынша)», 07140900 «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» мамандығы бойынша
1. «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Шымкент магистралды желі бөлімшесі»

SHTK
M. TYNYSHBAEV

1306000/07140900 “Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар” мамандығы бойынша
КӘСІПТІК ІС-ТӘЖІРІБЕ БАЗАСЫНДА



1409000 «Темір жол құрылысы, жол және жол шаруашылығы», 07320800 «Темір жол құрылысы, жол және жол шаруашылығы» мамандығы бойынша
1. «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Шымкент магистралды желі бөлімшесі»

SHTK M.TYNYSHBAEV	«М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Нұсқа: 1
	Өзін-өзі бағалау бойынша ЕСЕП	151 беттің 60-беті

2. «Казжелдортрансстрой СМП ст.Шымкент» ЖШС



07160600 «Темір жолдың вагондар мен рефрижераторлы жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» мамандығы бойынша

1. «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС «ГП-Шымкент бөлімшесі»
2. «Шымкент Рем Сервис» ЖШС



SHTK M.TYNYSHBAEV	«М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Нұсқа: 1
	Өзін-өзі бағалау бойынша ЕСЕП	151 беттің 61-беті

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №93 бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2016жылы 25 ақпанда №13227 болып тіркелген, Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының және кәсіптік практикадан өткізуге арналған үлгілік шарт нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 қарашадағы № 611 бұйрығы негізінде келісім шарт жасалынады. Колледж және әлеуметтік серіктестер арасындағы келісім-шарт негізінде білім алушылар колледж директорының бұйрығына сәйкес тәжірибе алуға мекемеге жіберіледі. Тәжірибе басталар алдында оқу процесінің кестесіне байланысты бұйрықтар шығарылады. **(3.2.2 - қосымша)**

Білім алушылармен семинарлар өткізіледі, тәжірибе барысында жинақталған құжаттармен және қауіпсіздік техникасы шараларымен танысады. Білім алушыларға практика күнделіктері таратылады және жолдама беріледі. Базалық тәжірибе сипатында анықталған мекемелермен жасасқан шарттардың негізінде білім алушының күнделігінде атқарған жұмыстары жазбалармен сйкес, белгіленген формаға және тәжірибе бағдарламаларына сәйкес пікірлерімен мінездемелер берілген.

Оқу өндірістік және диплом алды іс-тәжірибеден өтудің сапасы мен тимділігі, олардың мамандар дайындаудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес орындалған.

Кәсіби тәжірибе өндірісте оқыту процесінде алынған теориялық білімді бекітуге бағытталған, тәжірибелік дағдылар мен озық тәжірибе алуға бағытталған. Практикадан өту аяқталғаннан кейін білім алушылар жаңа технологияларды пайдалана отырып, практика есебін жасайды және қорғайды, ведомостьқа баға қойылады. **(3.2.3 - қосымша)**

М.Тынышпаев атындағы Шымкент көлік колледжі кәсіптік білім беруде, білім алу үшін кәсіби шыңдалу мақсатында «Talar» КЕАҚ («Кәсіпқор «Холдинг») Ұлттық операторы, *WorldSkills Kazakhstan* қозғалысына мүшесі болып, Шымкент қалалық чемпионатына 2021-2022 оқу жылынан бастап қатысты.



SHTK M.TYNYSHBAEV	«М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Нұсқа: 1
	Өзін-өзі бағалау бойынша ЕСЕП	151 беттің 62-беті

Атап айтсақ, Шымкент қаласының білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттер арасында ұйымдастырған «WorldSkills SHYMKENT - 2022» кәсіби байқауында 2021-2022 оқу жылында 10410200 «Темір жолкөлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығының «Темір жол көлігіндегі тасымалдау процесін басқару» құзіреттілігі бойынша 2-ші орын, 07160500 «Темір жолдың жылжымалы тартқыш құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» мамандығының «Локомотивті басқару» құзіреттілігі бойынша 1-ші орынға ие болды.



«WORLD SKILLS SHYMKENT-2022» Аймақтық чемпионатында **Погодин Владислав I** орынмен МАРАПАТТАЛДЫ

	«М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Нұсқа: 1
	Өзін-өзі бағалау бойынша ЕСЕП	151 беттің 63-беті



Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру тәртібі оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларымен айқындалады <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1100006976/links> («Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы).

Академиялық дербестікті енгізу техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 23 шілдедегі №362 бұйрығымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына енгізілген өзгерістер) (бұдан әрі - МЖМБС) сәйкес жүзеге асырып отыр.

Білім беру бағдарламаларын МЖМБС, кәсіптік стандарттар (бар болса), WorldSkills кәсіптік стандарттар (бар болса) талаптарының негізінде жұмыс берушілердің қатысуымен дербес әзірленді.

Білім беру бағдарламасына: оқу жұмыс жоспары және оқу жұмыс бағдарламалары кіреді. 2021-2022 оқу жылында білім беру бағдарламаларына мынадай базалық модульдерді енгізілді:

- 1) дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру;
- 2) ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану;
- 3) экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану;
- 4) қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану.

«Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану» модулін қосу орта буын мамандарын даярлау кезінде білім беру бағдарламаларында көздеу қажет.

Кадрларды кәсіптік даярлау жүйесін жаңғырту процестері білім беру ұйымында басшының да, тұтастай алғанда «педагогикалық команданың» да іс-қимыл жүйесін түзетуді талап етеді.

	«М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Нұсқа: 1
	Өзін-өзі бағалау бойынша ЕСЕП	151 беттің 64-беті

Бүгінде колледж кәсіби даярлық үлгісін оның практикаға бағдарлануын, ұтқырлығын күшейтіп келеді.

Жұмыс берушілер білімнің жоғары деңгейіне қарамастан, кәсіпорындардың жұмысшылары отандық кәсіпорындардың әлемдік нарықта бәсекелесе алуы үшін қажетті практикалық дағдыларға ие болуын талап етіп отыр.

Сондықтан кәсіби даярлықтың практикалық-бағдарлануы кадрлар даярлау жүйесін жаңартудың негізгі ресурсына айналады. Бүгінде әлеуметтік экономикалық дамудың жаңа шарттарына сәйкес келетін тетіктер ол- дуальды оқыту жүйесі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №50 «Дуальды оқытуды ұйымдастыру ережелері» бұйрығы негізінде колледжде дуальды оқытудың басты артықшылықтары жаңа кәсіпорында қызмет атқару үшін қызметкердің толық қалыптасуы, оның жұмысшы ұжымға ену үшін адаптациялық, сынақ мерзімінің жоқтығы, студенттік кезден өзінің карьералық өсуін жоспарлау мүмкіндігі болып табылады.

– Worldskills стандарттарына сәйкес оқытудың дуальді жүйесін ескере отырып әзірленген және модульдік-құзыреттілік тәсіліне негізделген негізгі және қосымша білім берудің оқу бағдарламалары.

- заманауи оқу және өндірістік материалдық-техникалық база;
- ғылым мен техниканың, ақпараттық (IT) технологиялардың, өндірісті басқарудың прогрессивті әдістерін пайдалана отырып, нақты өндіріс жағдайында және тауар өнімінде өндірістік оқыту және тәжірибе;
- оқу, тәрбие және ғылыми-әдістемелік үдерістер;
- ақпараттық технологиялар;
- білікті педагогикалық кадрлар;
- қаржы ресурстары.

Осылайша, колледж білім беру қызметіне тапсырыс берушілердің (білім алушылар және ата-аналар) қажеттіліктері мен үміттерін, әріптестер мен серіктестердің мүдделерін есепке ала отырып, көрсетілетін қызметтердің сапасына толық жауап береді, сол арқылы қызметтің даму басымдықтарына, сондай-ақ өңірдің және елдің әлеуметтік-экономикалық, ғылыми және мәдени дамуындағы колледждің орны мен рөліне негізделеді.

